



**Тулебаева Ж.,  
Еркебаева Г.**

**КОМПЬЮТЕРМЕН ЖҰМЫС  
ЖАСАУҒА ҚЫЗЫҚТЫРУДЫҢ  
ЖОЛЫ – ЖАТТЫҒУЛАР**

*В статье рассматриваются проблемы  
выявления интереса к работе с  
компьютером с помощью упражнений.*

*The problems of revealing the interest to the  
work with computer with the help of exercises  
are considered in this article.*

Қазіргі уақытта әлемде қоғамның ақпараттық мәдениет деңгейі мемлекеттің даму көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Олай болса, біздің мемлекетіміз де бұл мәселеден шеткері қала алмайды. Бұл мәселені шешу жолдарының бірі білім беру саласын жаңа прогрессшіл бағыттарда жүргізу болып табылады. Қазақстан Республикасының 1997 жылы орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы осы істі қолға алудың алғашқы қадамы болды. Мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы арқасында елімізде жоғары оқу орындарының, мектептердің көпшілігі жаңа ақпараттық технологиялармен жабдықталды. Ендігі кезекте осы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуді жоғары деңгейде меңгеру, оларды қолдану шеңберін кеңейту, т.с.с. мәселелер тұр. Бұл мәселелерді білім беруді ақпараттандыруды одан әрі жетілдіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Осы мәселе көптеген ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Бұл мәселе мына еңбектерде орын алды: «Переворот в сознании: дети компьютеры и плодотворные идеи» (С.Пейперт); «Методика преподавания информатики» (М.П.Лапчик, И.Г.Семанин, Е.К.Хеннер); «Компьютеризация школы и математическое образование. Основные направления работ по программе “Информатизация образования” (А.П.Ершов); «Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения» (Е.И.Машбиц); «Введение и применение персональных компьютеров в учебном процессе» (Ж.А.Караев); «Жалпы білім беретін орта мектептерде информатиканы оқытуды жетілдіру» (С.К.Қариев) [1; 2; 3; 4; 5; 6].

Қазақстан Республикасы үшін білім беру саласында қашықтан оқыту (ҚО) арқылы білім беру ісі зерттелуі, дамытылуы және жолға қойылуы тиіс бағыттардың бірі болғандықтан, оның дидактикалық құралдарын жетілдіру де көкейкесті мәселелердің бірі.

Жалпыға бірдей орта білім енгізу нәтижесінде мектепке қойылатын қоғамдық талап пен оның жүзеге асырылуының психология-педагогикалық мүмкіндіктері арасында бірнеше қарама-қайшылықтар ерекше көрінуде.

Біріншіден, информатика пәнін оқушы жақсы игеру керектігі, оның информатикалық дайындық деңгейінің өмір қойып отырған қазіргі сұраныстарға сай келуі талап етіледі. Ал, информатика оқу пәнінің ерекше түрі ретінде



оқушының мектепте де, үйде де бар жігер-күшін салып жұмыс істеуін қажет ететіні белгілі. Ал, көптеген оқушының бұған мүмкіндігі де, ынтасы да жете бермейді. Оқушының ынтасының, оқу қызметіне қызығушылығының төмен деңгейде болуы, жалпыға бірдей орта білім жағдайында, информатика пәні бойынша жүйелі де белсенді еңбек студент бас тартуға алып келетіні, оқушының информатикалық дайындық деңгейін төмендететіні белгілі.

Көптеген мұғалімдердің жұмыс тәжірибесінің жетіспеуіне байланысты, заман талабына сай өзгерген оқу пәні мазмұнында қарастырылатын негізгі мәселелерге көңіл бөлмейтінін, сынып оқушыларының дамуының негізгі бағытынан шеттеп қалатынын, информатиканы оқушының келешек өміріне пайдалануға мүмкіндік беретін тірек белгілерін толық сипаттамайтынын өмір көрсетіп отыр.

Екіншіден, оқу жүйесінде бес балдық бағалау шкаласы қолданылады. Бестік баға – бес қоюға болатындай етіп құрастырылған оқу тапсырмасын ешқандай қатесіз және кемшіліксіз, негіздей отырып, орындаған жағдайда ғана қойылады. Яғни оқу үдерісінде бестік бағамен оқуға бағытталады. Тапсырма орындау барысында қате немесе кемшілік жіберілген жағдайда, оқушы белгілі бір материалды игермеген деп есептелініп, оған тапсырма орындауда кездескен олқылықтар санына сәйкес «қанағаттанарлықсыз», «қанағаттанарлық», «жақсы» деген бағалар қойылады. Бұлайша бағалаудағы басты нәрсе – оқушы жіберген олқылықтар санын анықтау. Олқылық саны неғұрлым көп болса, баға соғұрлым төмендей береді. Тапсырмадағы оқушы орындаған компоненттердің материал игерудегі үлесі, тапсырма компоненттерінің орындалу реті ескеріле бермейді.

Жалпы, мұндай бағалаудағы негізгі принциптің бестік деңгейде оқитын оқушыларға жоғары оқу орындарына қиналмай оқуға түседі деген түсінікке негізделетіні белгілі. Ал, шын мәнінде, көптеген оқушылардың жоғары оқу орнында оқу мүмкіндігі бола бермесе де, оларға мүмкіндігінше көбірек материал беріліп, оны әрбір оқушының игеруі жеке мүмкіндігіне қатыссыз оқытылып келеді.

Мектептің іс-тәжірибесінде оқудың нақты, тексеруге мүмкіндік беретін мақсатының қойылуы, оқушының үй тапсырмасы мен оқу жүктемесі мөлшерін анықтау және т.б. көптеген мәселелер толық шешімін таба алмай келе жатқандығы оқу іс-әрекеттерінің ерікті түрде орындаудан, мәжбүр ету арқылы орындалатын іс-әрекеттерге айналуына байланысты оқушының оқуға қызығушылығының кемуіне, оның оқығысы келмеуіне, жауапсыздықтың күшеюіне әкеліп соғады. Сондықтан, ғалымдар оқушылардың есте сақтау қабілетін өмірде қажет болып қалады деген оймен дайын біліммен толтырмау керек. Оның әрбір бастаған жұмысы – оның білімділік деңгейін шын мәнінде анықтайтын ең төменгі нәтижеге жеткізілуі керектігін айтып өткен.

Келтірілген құбылысты жою мақсатында, орта білімінің негізгі мақсатына жеткізетін мәселелерді шешуді қамтамасыз етуші оқу материалы жиынтығының бірлігі деп түсінуге болатын математикалық білім стандартының мектеп өміріне енгізілгеніне де біршама уақыт болып қалды. Білім стандарты – бір жағынан, математикалық сала білімімен бірге, жаратылыстану және гуманитарлық пәндері мазмұны да ескеріле отырып, нақты жағдайда келесі сатыны, тарауды, курсты оқуға мүмкіндік беретін білім мен біліктілік кешені түріндегі төменгі, міндеті деңгейді қамтамасыз етеді, ал екіншіден - оқушының жеке қызығушылығы мен бейімділігіне сәйкес өз әліне қарай оқуына мүмкіндік жасайды деп күтілген болатын.

Алайда, бұл үміт ақталды деуге ертерек сияқты. Өйткенені, бүгіндері жас буынды оқыту мен тәрбиелеуде педагогикалық жұмыстар сапасын көтеруге қатысты мәселелер баршылық.

Мұндай мәселелердің ең бастыларының бірі, мемлекеттік стандартты енгізу мақсатын, оның атқаратын функциясын, мазмұнын көптеген мұғалімдердің білмеуі, білгеннің өзінде жете түсінбеуі. Осыған байланысты, стандарт талаптары мазмұнына сай оқыту мақсатында дәстүрлі әдістемелер бей-берекет өзгертіле бастады. Мысалы, оқушылардың мемлекеттік стандарт талаптарына сай оқыту мақсатында көптеген педагогикалық технологиялар жасалынып, қолданылып жүр. Алайда, олардың әрқайсысы, оқу процесінің белгілі бір қырын жетілдіруді басты назарда ұстануына байланысты, жаппай қолданысқа ие бола алмауда. Шындығына келгенде, мемлекеттік стандарт, оқыту нәтижесін тексерумен бірге, оқу іс-әрекеттерінің жоспарлы нәтижесіне жету үшін тиімді жолдарды іздестіруге де ықпалын тигізу орнына, орта білім мекемелері жұмысын бағыттау сипатында ғана қызмет атқаруда.

Себебі, қазіргі кездері мектептегі қолданылып жүрген оқулықтар мен оқу құралдарының, оқыту әдістемелерінің мазмұны ақпараттық-анықтамалық сипатта болуына, оларда негізгі мақсатының ұсақталынып кетуіне байланысты, оқу үдерісін мемлекеттік талаптарға сай жүргізуге толық мүмкіндік бере алмай отыр.



Компьютерді оқытуды пайдалану шын мәнінде оқыту бағдарламаларын пайдаланудан басталады, олардың ішіне есептеулер, сурет салу және ол суреттерді қозғалысқа келтіру де кіруі мүмкін.

Оқыту бағдарламаларын құруда стандартты әдіс жоқ, ол мұғалімнің сабақ бергені тәрізді қайталанбас, өзіндік ерекшелікте болуы керек. Сондықтан төменде берілетін оқыту бағдарламаларды, сол тақырыпты оқып-үйренудегі бірден-бір бағдарлама деп қарамау керек.

Оқыту бағдарламаларының түрлері көп. Дегенмен оларды мынадай үш ірі топқа бөлуге болады:

- 1) жаттығу жұмысына негізделген оқыту бағдарламасы;
- 2) бақылау жұмысын жүргізуге арналған оқыту бағдарламасы;
- 3) оқушыларға жаңа материалды меңгеруге арналған бағдарлама.

Қандай да болмасын өтілген жаңа тақырып, жаттығулар орындау арқылы бекітіледі. Жаттығуларды таңдай, іріктей білу, олардың орындалу барысын қадағалау көп уақыт жұмсауды талап ететінін күрделі де жауапты жұмыс. Мұғалімнің осы жұмысын жеңілдету үшін **жаттығу бағдарламаларын** пайдаланған тиімді. Оқушының жаттығу бағдарламасы мен жұмысы компьютермен сұхбат түрінде жүреді. Бағдарлама оқушы берген жауаптын дұрыс немесе дұрыс еместігін қадағалап отырады, яғни әр жаттығудан соң жауап дұрыс немесе қате деген хабар алынады. Жауап қате болса, программа оқушыға "жаттығуды ойланып, қайта орында" немесе "сәйкес ережені қара" деп, нұсқау береді. Көп жағдайда оқушы жаттығуды қайта орындайды. Бірақ бұған да шектеу қойған жөн, себебі оқушы бір жаттығуды үш-төрт рет орындап дұрыс нәтижеге жете алмаған жағдайда, пайдалануға болатындай ешқандай нұсқаусыз ережені немесе ұқсас жаттығудың орындалу барысын экранға беруді программада ескеруі керек.

Сонымен, оқушылардың информатика пәніне қызуғышылын арттырудың жолдары – жаттығулар жасау болып табылады.

#### *Әдебиеттер*

- 1.Пейперт С. Переворот в сознании: дети компьютеры и плодотворные идеи. М.:Педагогика, 1988.
- 2.Лапчик М.П., И.Г.Семанин, Е.К.Хеннер. Методика преподавание информатики. // Учебное пособие для студентов педагогических вузов. М.:Изд-во Академия, 2001. –624с.
- 3.Ершов А.П. Компьютеризация школы и математическое образование. Основные направления работ по программе “Информатизация образование” ИнфоО. –1992. -№5,6.
4. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. –М., Просвещение, 1988. –192 бет.
- 5.Караев Ж.А. Введение и применение персональных компьютеров в учебном процессе. –Алматы Рауан, 1992-96с.
- 6.Қариев С.К. Жалпы білім беретін орта мектептерде информатиканы оқытуды жетілдіру